



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

---

### ТАГА ЖАБЫҚ ОТБАҚЫРАШЫНДА ТҰТАНУ ТЕМПЕРАТУРАСЫН АНЫҚТАУ ӘДІСІ

### МЕТОД ОПРЕДЕЛЕНИЯ ТЕМПЕРАТУРЫ ВСПЫШКИ В ЗАКРЫТОМ ТИГЛЕ ТАГА

**ҚР СТ 2424-2013**

*(ASTM D 56-05 (2010) Standard Test Method for Flash Point by  
Tag Closed Cup Tester, MOD)*

#### **Ресми басылым**

ҚазСтИн осы ұлттық стандарты ASTM D56-05 (2010) «Standard Test Method for Flash Point by Tag Closed Cup Tester» негізделген, АСТМ Интернэшнл авторлық құқығы, PA 19428, АҚШ АСТМ Интернэшнл рұқсатымен қайта басылады.

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жана технологиялар  
министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті  
(Мемстандарт)**

**Астана**



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

---

### ТАГА ЖАБЫҚ ОТБАҚЫРАШЫНДА ТҰТАНУ ТЕМПЕРАТУРАСЫН АНЫҚТАУ ӘДІСІ

**ҚР СТ 2424-2013**

*(ASTM D 56-05 (2010) Standard Test Method for Flash Point by  
Tag Closed Cup Tester, MOD)*

**Ресми басылым**

ҚазСтИн осы ұлттық стандарты ASTM D56-05 (2010) «Standard Test Method for Flash Point by Tag Closed Cup Tester» негізделген, АСТМ Интернэшнл авторлық құқығы, PA 19428, АҚШ АСТМ Интернэшнл рұқсатымен қайта басылады.

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар  
министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті  
(Мемстандарт)**

**Астана**

**Алғысөз**

1 «Мұнай және газ ақпараттық-талдамалық орталығы» акционерлік қоғамы **ӘЗІРЛЕП**

«Мұнай, газ, олардан қайта өңделген өнімдер, мұнай, мұнай-химиялық және газ өнеркәсібіне арналған материалдар, жабдық пен имараттар» № 58 стандарттау жөніндегі техникалық комитеті және «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2013 жылғы «28» қарашадағы № 548-од Бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ASTM D 56-05 (2010) Standard Test Method for Flash Point by Tag Closed Cup Tester (Таға жабық отбақырында тұтану температурасын анықтау әдісі) американдық ұлттық стандартқа қатысы бойынша түрлендірілді.

Ағылшын тілінен аудармасы (en).

ASTM D 56-05 (2010) стандартын Мұнай өнімдері және майлау заттары жөніндегі D02 комитетінің D02.08 "Ұшпалығы бойынша" ішкі комитеті әзірледі.

ҚазСТИн аталған ұлттық стандарты ASTM D56-05 (2010) «Standard Test Method for Flash Point by Tag Closed Cup Tester» негізделген, АСТМ Интернэшнл авторлық құқығы, PA 19428, АҚШ. АСТМ Интернэшл рұқсатымен қайта басылады.

Осы ұлттық стандартты дайындау үшін пайдаланылған шетелдік стандарттардың, олардың аудармаларының және сілтемелері берілген шетелдік стандарттардың ресми даналары Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай қорында болады.

Американдық ұлттық стандарттың ресми нұсқасында берілген жекелеген сөз тіркестері, терминдер мемлекеттік және орыс тілінің және қабылданған терминология нормаларын сақтау мақсатында, сондай-ақ мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің құрылу ерекшеліктеріне байланысты өзгертілген немесе синоним сөздермен ауыстырылған.

Сілтемелерді ауыстыру туралы ақпарат Е.1 қосымшасында берілген Сәйкестік дәрежесі – түрлендірілген (MOD).

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ  
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

2018 жыл  
5 жыл

**5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ**

## **ҚР СТ 2424-2013**

*Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесінде, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні – ай сайын шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралатын (ауыстырылатын) немесе жойылатын жағдайда тиісті хабарлама ай сайын шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланатын болады*

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жана технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе ішінара шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

Кіріспе	V
1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	2
3 Терминология	3
4 Әдістің мәні	4
5 Әдістің мәні және қолданылуы	4
6 Қолмен басқарылатын аспап	5
7 Сынамаларды іріктеу	5
8 Қолмен басқарылатын аспапты дайындау	6
9 Қолмен басқарылатын аспапты пайдаланып сынақтар өткізу	8
10 Автоматты басқаруы болатын қондырғы	10
11 Автоматты басқаруы болатын қондырғыны дайындау	10
12 Автоматты басқаруы болатын қондырғыны пайдаланып сынақ өткізу	11
13 Сынақ хаттамасы	13
14 Әдістің дәлдігі және ауытқуы	13
А.1 қосымшасы (міндетті) Аспап	15
А.2 қосымшасы (міндетті) Аппаратураның жұмыс істеуін тексеру	20
Х.1 қосымшасы (ақпараттық) Тұтану температурасының «бүркемелену» құбылысы	24
Х.2 қосымшасы (ақпараттық) Қоспалардың тұтану және жалындау температурасын анықтау	25
Е қосымшасы (ақпараттық) Түрлендірілген ұлттық стандарттың техникалық ауытқуларының тізбесі	26

**Кіріспе**

Сыналатын өнімнің тұтану температурасын анықтаудың осы әдісінде талап етілетін дәлдікті қамтамасыз ету үшін берілген жылдамдықпен арттырады. Алайда, қыздыру жылдамдығының реттелуі әрқашан кейбір материалдардың төменгі жылу өткізгіштігі нәтижесінде талап етілетін сынақ дәлдігін қамтамасыз етпейді. Барынша төмен қыздыру жылдамдығын қолданатын тұтанғыштықты алдын ала бағалау әдісіне ASTM D 3941 әзірленген. ASTM D 3941 берілген әдіс сұйықтықтың үстіндегі будың және сұйықтықтың шамамен бірдей температурасы болатын кезде теңестірілетінге жуық жағдайда сынақтар өткізуді көздейді. Егер мұнай өнімдеріне арналған стандартта ASTM D 56 берілген әдіс бойынша сынақ көзделген болса, ASTM D 3941 берілген әдісті қолданбау немесе басқа әдістер бойынша сынақ өткізбеу керек. Тұтану температурасының мәні аспаптың құрастырылымына, оны пайдалану шарттарына және қолданылатын анықтау әдісіне байланысты. Сондықтан тұтану температурасын стандартталған сынақ әдісі бойынша ғана анықтауға болады және көзделген сынақ әдісінен ерекшеленетін сынақ жабдығын немесе әртүрлі сынақ әдістерін пайдаланған кезде алынатын нәтижелер арасында арақатынас орнатуға болмайды.

**KP CT 2424-2013**

ТАГА ЖАБЫҚ ОТБАҚЫРЫНДА ТҰТАНУ  
ТЕМПЕРАТУРАСЫН АНЫҚТАУ ӘДІСІ

Енгізілген күні 2014-07-01

**1 Қолданылу саласы**

1.1 Осы стандарт қолмен және автоматты басқарылатын аспаптарда жабық отбақырды пайдаланып, 40 °C (104 °F) температура кезінде тұтқырлығы 5,5 мм<sup>2</sup>/с сантиСтокс (бұдан әрі - сСт) кем немесе 25 °C (77 °F) температура кезінде 9,5 мм<sup>2</sup>/с (сСт) кем сұйық мұнай әнімдерінің тұтану температурасын анықтау әдісін белгілейді. Осы стандарт тұтану температурасы 93 °C (200 °F) төмен сұйықтықтар үшін қолданылады.

1.1.1 Тұтқырлығы 40 °C (104 °F) температура кезінде 5,5 мм<sup>2</sup>/с (сСт) немесе 25 °C (77 °F) тұтқырлығы кезінде тұтқырлығы 9,5 мм<sup>2</sup>/с (сСт) немесе артық 93 °C (200 °F) немесе жоғары тұтану температурасымен сұйықтықтардың, сондай-ақ бетінде үлдір түзетін немесе қатты жүзгін бөлшектер болатын сұйықтықтардың жабық отбақырда температурасын анықтау үшін ҚР СТ ИСО 2719 бойынша әдісті пайдаланады.

1.1.2 Тотықтырылған битумдар үшін ASTM D 1310 және ASTM D 3143 анықтау әдістерін қолданады.

ЕСКЕРТПЕ: АҚШ Кәлік министрлігі (RSTA) 2 және АҚШ Еңбек министрлігі (OSHA) тұтану температурасы 37,8 °C (100 °F) төмен сұйықтықтың тез тұтанғыш болып табылатынын анықтады. Бұл тұтқырлығы 40°C (104°F) температура кезінде 5,5 мм<sup>2</sup>/с (сСт) кем немесе 25 °C (77 °F) температура кезінде 9,5 мм /с (сСт) немесе кем болатын сұйықтықтар, сондай-ақ қатты жүзгіш бөлшектер болмайтын және сынақ уақытында үлдір түзбейтін сұйықтықтар үшін осы стандарты әдісі бойынша анықталды. Тұтану температурасы бойынша жанғыш сұйықтықтардың басқа топтары аталған әдіс пайдаланылып анықталды.

1.2 Осы әдіс материалдардың, әнімдердің немесе зертхана жағдайларында бақыланатын қыздыру және жандыру кезінде олардың құрамына кіретін құрауыштарының қасиеттерін анықтау және сипаттау үшін пайдаланылуы мүмкін, бірақ нақты жағдайларда материалдардың, әнімдердің немесе олардың құрамына кіретін құрауыштарының жануы кезіндегі қаупін немесе тұтануы кезіндегі тәуекелін анықтау немесе бағалау үшін пайдаланыла алмайды. Дегенмен, осы әдіс бойынша сынау кезінде алынған нәтижелерді әнімді түпкі пайдалану кезінде тәуекелді бағалауға жататын барлық факторларды ескеретін тұтанудың пайда болу қаупін бағалау үшін пайдалануға болады.



## **ҚР СТ 2424-2013**

1.3 Осы стандарт ҚР СТ ИСО 2719, ҚР СТ ASTM D3828-2013, ASTM D 1310 ASTM D 3278 және ASTM D 3941 стандарттарымен өзара байланысты.

1.4 ӘЖ бірліктерінде әрнектелген мәндер стандарттық болып саналады. Жақшаларда кәрсетілген мәндер анықтамалық болып табылады.

1.5 **АЛДЫН АЛА ЕСКЕРТУ!** Сынапты орталық жүйке жүйесінің, бүйрек пен бауырдың зақымдануын тудыруы мүмкін қауіпті материал ретінде көптеген реттеуші органдар анықтаған болатын. Сынап немесе оның булары денсаулық және материалдардың жемірілуі үшін қауіпті болуы ықтимал. Құрамында сынап болатын әніммен және сынаппен жұмыс жасағанда сақтық шараларын сақтау керек. НТТР сайтында бәлшектер және ЕРА үшін (MSDS) материалдарының қауіпсіздігі бойынша қараңыз: / [www.epa.gov](http://www.epa.gov) / Меркурий / [faq.htm](http://faq.htm)- қосымша ақпарат үшін. Пайдаланушылар сынапты және/немесе құрамында сынап болатын әнімдерді сатуға қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамамен тыйым салынғаны туралы хабардар болуға тиіс.

1.6 Осы стандарттың мақсаты оны қолданумен байланысты барлық қауіпсіздік проблемаларын қарастыру болып табылмайды. Осы стандартты пайдаланушыға қауіпсіздік техникасын сақтау, денсаулықты қорғау үшін жауапкершілік жүктеледі және оны қолдануға дейінгі реттеуші шектеулерді пайдалану қажеттігін анықтайды. Ерекше ескертулер 8.2 және 8.3, 9.5, 12.5, сондай-ақ материалдардың қауіпсіздігі жәніндегі анықтамалықтарда берілген.

## **2 Нормативтік сілтемелер**

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Күні қойылмаған сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымын қолданады (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда).

2.1 Стандарттар:

ҚР СТ ИСО 2719-2005 Тұтану температурасын анықтау. Жабық отбақырмен Мартенс –Пенскийдің аспабы пайдаланылатын әдіс.

ҚР СТ ИСО 3170-2006 Мұнай және мұнай әнімдері. Сынамаларды қолмен іріктеу әдістері.

ҚР СТ ASTM D3828-2013 Шағын әлшемдегі жабық тигельде тұтану температурасын анықтау әдістері.

ҚР СТ ASTM D6300-2013 Мұнай әнімдері және майлау заттары үшін тестілеу әдістерінде пайдаланылатын дәлдік пен дәлсіздікті анықтауға арналған нұсқау.

ҚР СТ ASTM D6299-2013 Жүйе әнімділігіне талдамалық шараларды бағалау үшін әнімге статистикалық талдаулар мен бақылау жұмыстарының әдістерін қолдануға арналған нұсқау.

ASTM D 1310:2007 Test Method for Flash Point and Fire Point of Liquids by Tag Open-Cup Apparatus (Ашық отбақыры бар Тага кондырғысында

сұйықтықтардың тұтану температурасын және жану температурасын анықтау әдісі).

ASTM D 3143:2008 Test Method for Flash Point of Cutback Asphalt with Tag Open-Cup Apparatus (Ашық отбақыры бар Тага қондырғысында тотықтырылған битумдардың тұтану температурасын анықтау әдісі).

ASTM D 3278:2011 Test Methods for Flash Point of Liquids by Small Scale Closed-Cup Apparatus (Межелігі аз жабық отбақыры бар қондырғыда сұйықтықтардың тұтану температурасын анықтау әдістері).

ASTM D 3941:2007 Test Method for Flash Point by the Equilibrium Method With a Closed-Cup Apparatus (Жабық отбақыры бар қондырғыда тепе-теңдік жағдайында тұтану температурасын анықтау әдісі).

ASTM E 1:2013 Specification for ASTM Liquid-in-Glass Thermometers (ASTM әйнекті сұйық термометрлеріне қойылатын техникалық талаптар).

ASTM E 502:2013 Test Method for Selection and Use of ASTM Standards for the Determination of Flash Point of Chemicals by Closed Cup Methods (Жабық отбақыр қолданылатын әдістермен химиялық әнімдердің тұтану температурасын анықтау үшін ASTM стандарттарын таңдау және пайдалану жөніндегі нұсқау).

2.2 Сынақ әдістеріне арналған федералдық стандарттар<sup>1)</sup>

Method 1101, Federal Test Method Standard No. 791b (№ 791b Сынақ әдісіне арналған федералдық стандарт).

Method 4291, Federal Test Method Standard No. 141A (№ 141A Сынақ әдісіне арналған федералдық стандарт).

2.3 Стандарты ISO<sup>2)</sup>:

Guide 34:2009 General Requirements for the Competence of Reference Material Producers ИСО 34 нұсқауы Эталондық материалдар әндіру бойынша сапа жүйелері).

Guide 35:2006 Certification of Reference Materials—General and Statistical Principles (ИСО 35 нұсқауы Эталондық материалдарды сертифициттау. Жалпы және статистикалық ұстанымдар).

### **3 Терминология**

Осы стандартта тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

<sup>1)</sup> Government Printing ұйымындағы құжаттар бөлімінен алуға болады, Вашингтон DC 20402.

<sup>2)</sup> Америка ұлттық стандарттар институтынан алуға болады (ANSI), 25 W, 43-көше, 4-қабат, Нью-Йорк, NY 10036.

#### **3.1 Анықтамалар**

**3.1.1 тұтану температурасы:** Тұтандыру құрылғысын қолдану берілген сынақ жағдайында сыналатын сынама буларының тұтануын тудыратын 101,3

## **ҚР СТ 2424-2013**

кПа (760 мм сын. бағ.) барометрлік қысымға бағытталған ең төменгі температура.

3.1.1.1 Егер ол пайда болған соң жалын сұйықтықтың барлық бетіне лезде таралатын болса, сыналатын сынама тұтанған болып саналады.

3.1.1.2 Егер тұтандыру құралы жалын түзетін болса, оның кәгілдір сәулесі және тұтану температурасына жеткенге дейінгі ұлғайтылған кәлемдері болуы мүмкін. Бұл тұтанған болып саналмайды және сынақ нәтижелеріне назар салмау керек.

### **3.2 Осы стандартта белгіленген терминдер анықтамалары**

**3.2.1 Динамикалық (теңестірілмеген) жағдайлар:** Аспаптағы сыналатын сынаманың үстіндегі будың және сынаманың әзінің тұтандыру құрылғысын қолдану уақытында әртүрлі температурасы болатын кездегі тұтану температурасын анықтау жағдайы.

3.2.1.1 Мұндай жағдайлар берілген тұрақты жылдамдықпен сыналатын сынаманы қыздырған кезде сыналатын сынаманың температурасына қатысты бу температурасының кешігіп орын алатындықтан пайда болады. Сынақ нәтижесінде алынатын тұтану температурасы аталған әдістің әндірімділік шегінде болады.

**3.2.2 Тұтану температурасын немесе сынақ әдісін анықтауға арналған аспаптағы теңестірілетін жағдайлар:** Сыналатын сынаманың үстіндегі будың және сынаманың әзінің тұтандыру құрылғысын қолданған кезде бір ғана температурасы болатын жағдай.

3.2.2.1 Сынама температурасы оның әртүрлі нүктелерінде бірдей болмайтындықтан, мұндай жағдайға практикада қол жеткізу мүмкін емес, ал сынақ аспабының тұрқы мен қақпағының барынша төмен температурасы болады.

## **4 Әдістің мәні**

4.1 Сыналатын сынаманы аспаптың отбақырына салады және жабық қақпақ кезінде тұрақты жылдамдықпен бау қыздырады. Бірдей уақыт аралығында тұтандыру құрылғысын отбақырға әкеліп салады. Тұтандыру құрылғысы сыналатын сынаманың үстіндегі будың жалындауын тудыратын кездегі ең төменгі температураны тұтану температурасы деп санайды.

## **5 Әдістің мәні және қолданылуы**

5.1 Тұтану температурасы әнімнің бақыланатын зертхана жағдайларында ауамен бірге жалындау қоспасын түзу қабілетін сипаттайды. Тұтану температурасы материал жанғыштығының қаупін бағалау кезінде ескерілуі керек кәрсеткіштердің бірі болып табылады.

5.2 Тұтану температурасы туралы мәліметтерді тұтанатын жанғыш

Әнімдердің сипаттамасы үшін жүктерді тасымалдау және қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеген кезде пайдаланады. Белгілі бір жанғыштық тобына әнімді жатқызу туралы мәліметтерді тиісті құжаттардан табуға болады.

5.3 Тұтану температурасы ұшпа емес немесе тұтанбайтын әнімге қатысты ұшпалығы жоғары және тұтанғыш құрауыштар туралы растай алады. Мысалы, жермай сынамасының тән емес төменгі тұтану температурасы бензин қоспасының қосылғандығын кәрсете алады.

## **6 Қолмен басқарылатын аспап**

**6.1 Жабық отбақыры бар Таға аспабы** – Аспап 1-суретте берілген, аспаптың сипаттауы А.1 қосымшасында берілген .

**6.2 Экран** – Алдыңғы жағынан ашық болатын ені 460 мм және биіктігі 610 мм экранды пайдалану ұсынылады.

**6.3 Термометрлер** – Отбақыр үшін 1-кестеге сәйкес термометрлердің біреуін пайдаланады. Ванна үшін қажетті әлшеу ауқымындағы ашық межелігі бар кез келген қолайлы термометрді пайдаланады. Отбақырға арналған сияқты типтегі термометрді пайдаланған ыңғайлырақ.

ЕСКЕРТПЕ: ASTM талаптарына сәйкес келетін термометрлердің орнына Мұнай институтының талаптарына сәйкес келетін термометрлерді пайдалануға болады (IP 15C PM-Low термометрі).

## **7 Сынамаларды іріктеу**

7.1 Тұтану температурасының аса көтеріңкі мәндерін ұшпа әнімдердің кемуіне әкелетін сақтық шаралары сақталмаған кезде алады. Ұшпа әнімдердің кемуін және ылғалдың түсуін болдырмау мақсатында, егер бұнын қажеті болмаса, жүксауыттарды ашпау керек. Сынаманың орнын ауыстыруды сынама температурасы болжанатын тұтану температурасынан 10 °C (18 °F) төмен болғанша іске асырмау керек. Мүмкіндігінше, тұтану температурасын анықтау сынамада әткізілетін алғашқы сынақ болуға тиіс, сондықтан сынама төменгі температурада сақталуға тиіс.

7.2 Тез тарағыш әнімдер тұрқының қабырғалары арқылы жентектелетін болғандықтан, газ әткізгіш материалдардан дайындалған жүксауыттарда сынамаларды сақтауға жол берілмейді. Саңылаулы жүксауыттарда болатын сынамалар сынақтар кезінде сенімді нәтижелер кәрсетпейді.

1-кесте – Термометрлер

Термометр <sup>А</sup> ASTM	Сынаққа арналған термометрді белгілеу		
	4 °C (40 °F) тәмен температура кезінде	4 °C бастап 49 °C (40 °F - 120 °F) дейінгі температура кезінде	49 °C (120 °F) жоғары температура кезінде
	57 °C немесе (57F)	9 °C немесе (9F) 57 °C немесе (57F)	9 °C немесе (9F)

<sup>А</sup>Термометрлерге қойылатын техникалық талаптар ASTM E 1 техникалық шарттарында берілген.

7.3 Әрбір сынаққа арналған сынаманың көлемі кемінде 50 мл болуға тиіс. Сынамаларды ҚР СТ ИСО 3170 талаптарына сәйкес іріктеп алады.

**8 Қолмен басқарылатын аспапты дайындау**

8.1 Аспапты ортнықты тегіс үстінгі бетке орнатады, мысалы, үстелде. Егер сынақтарды байқалатын ауа қозғалысы орны алатын үй-жайда әткізсе, аспапты үш жағынан ауа қозғаласынан қорғау үшін экранмен қоршайды. Тарту шкафына немесе желдеткіштергетікелей жақындықта сынақтар әткізбеу керек.

8.2 Тұтандыру ретінде электрлік тұтандырғышы бар табиғи және сұйытылған газ жалынын пайдалану ұсынылады. **(АЛДЫН АЛА ЕСКЕРТУ!** Аспапқа берілетін газ қысымы 3 кПа аспауға тиіс .

8.3 13 °C (55 °F) тәмен немесе 60 °C (140 °F) жоғары тұтану температурасын анықтаған кезде ваннаға арналған сұйықтық ретінде 1 : 1 арақатынасындағы су мен этиленгликоль қоспасын пайдаланады. **(АЛДЫН АЛА ЕСКЕРТУ!** Этиленгликоль - у. Ағзаның ішінде ішіне түскен кезде аса қауіпті. Булары зиянды. Теріге тиіп кетуін болдырмау керек).

13 °C (55 °F) бастап 60 °C (140 °F) дейін қоса алғандағы ауқымда тұтану температурасын анықтаған кезде ваннаға арналған сұйықтық ретінде суды не су мен этиленгликоль қоспасын пайдалануға болады. Сынақ отбақырындағы сынаманың орнын ауыстырған кезде ваннадағы сұйықтықтың температурасы әнімнің болжанатын температурасынан кемінде 10 °C (18 °F) тәмен болуға тиіс. Оған құрғақ мұз салу арқылы (қатты көмірсу диоксиді) ваннадағы сұйықтықты салқындату ұсынылмайды.


ЕСКЕРТПЕ: Температураның берілген жылдамдығының артуының сақталуымен және аспап қақпағында мұздың түзілуімен байланысты ықтимал қиындықтардың

туындауы салдарынан 0 °С (32 °F) төмен тұтану температурасымен сынамаларды сынаудың осы әдісінің нәтижелері сенімсіз болуы мүмкін. Қозғалмалы элементте (қақпақта) мұздың пайда болуынан туындайтын қиындықтарды элементті жоғары вакуумды силиконды майлаумен мұқият майлау арқылы барынша азайтуға болады.

8.4 Қолмен басқарылатын аспаптың (немесе автоматты түрде басқарылатын аспаптың, 11.2.3 қараңыз) жұмыс істеуін аттестатталған стандарттық үлгілердің (CRM) тұтану температурасын анықтау арқылы жылына бір реттен сирек етпей тексереді, мысалы, тұтану температурасы сынамалатын сынамалардың болжанатын тұтану температурасына жуық А.2 қосымшасында берілгендердің. Стандарттық үлгілерді осы стандарттың әдісі бойынша, ал тұтану температурасының қадағаланатын мәндерін 9.5 бойынша сынайды, барометрлік қысымға бағытталып дұрысталуға тиіс (13-бөлім). Тұтану температурасының алынған мәндері аталған стандарттық үлгілер үшін А.2.1 кестесінде немесе кестеде берілмеген стандарттық үлгілер үшін есептелген мәндердің ауқымы шегінде болуға тиіс (А.2 қосымшасы).

8.5 Аспаптың жұмыс істеуін тексерген соң қайталама жұмыстық қоспалардың (SwSs) тұтану температурасының олардың шекті бақылау мәндеріне сәйкестігі анықталуы мүмкін. Осы қайталама жұмыстық қоспаларды кейін кезекті тексерулерде пайдалануға болады (А.2 қосымшасы).

8.6 Егер анықталған тұтану температурасының мәндері 8.4 немесе 8.5 көрсетілген мәндер ауқымына түспейін болса, аспаптың А.1 қосымшасында берілген талаптарға сәйкестігіне және бірінші кезекте қақпақтың саңылаусыздығына (А.1.1.3 қараңыз) кәз жеткізу мақсатында, қақпақтың жұмысының, тұтандыру құрылғысының орналасуын (А.1.1.3.3) және термометрдің орналасу бұрышының (А.1.1.3.4 қараңыз) жай-күйін және жұмысын тексереді. Кез келген реттеуді жүргізген соң, аталған сынақ әдісінің барлық талаптарын орындай отырып және сыналатын жаңа сынаманы пайдалана отырып, 8.4 берілген сынақты қайталайды.



**1-сурет – Тұтану температурасын анықтауға арналған жабық отбақыры бар қолмен басқарылатын Тага аспабы**

### **9 Қолмен басқарылатын аспапты пайдаланып сынақ әткізу**

9.1 Әлшемделген цилиндрді пайдалана отырып және деңгей таңбасынан жоғары отбақыр қабырғасының сулануына жол бермей,  $(50 \pm 0,5)$  мл сұйықтықты әлшеп алады және сынаманы отбақырға салады. Қажет болған кезде сынаманы және әлшемделген цилиндрді ертерек анықтаған кезде сыналатын сынаманың температурасы тұтану температурасы  $(27 \pm 5) ^\circ\text{C}$  [ $(80 \pm 10) ^\circ\text{F}$ ] құрайтындай және  $10 ^\circ\text{C}$  ( $18 ^\circ\text{F}$ ) карағанда кемінде болжанатын

тұтану температурасынан кем тәмен болатындай етіп салқындатады (олардың қайсысының тәмен болатындығына байланысты). Сыналатын сынаманы жүксауыттан цилиндрге және цилиндрден сынақ отбақырына ауыстыратын уақытта болжанатын тұтану температурасынан кемінде 10 °C (18 °F) қарағанда кем болатын тәмен температурасын ұстап тұру әте маңызды. Пышақтың ұшымен немесе ыңғайлы затпен сыналатын сынаманың үстінен су кәпіршіктерін кетіреді. Ылғал сініретін таза шүберекпен немесе сулықпен қақпақтың ішкі бетін құрғатып сүртеді, содан соң ваннаның дәнгелек шығыңқысында термометрі бар қақпақты бекітеді.

9.2 Қақпақта сынақ жалынын (егер пайдаланылатын болса) жағады және оны нысан бойынша кішкентай шарға жақын болатындай етіп реттейді. Қақпақтағы тетік арқылы жағу құрылғысын отбақырдың булар болатын бәлігіне апараты және кешіктірмей дереу апарды. Осы операцияны орындау үшін қажетті уақыт жалынды апару және шығару үшін уақыт кезеңі бірдей болатын жағдайда 1 с құрауға тиіс. Жағу құрылғысын түсіру және кәтеру бойынша операция кідіртілмей орындалуға тиіс. Егер жағу құрылғысын бастапқы түсіру кезінде тұтану байқалатын болса, сынақты тоқтатады және нәтижесін ескермейді. Мұндай жағдайда жаңа сынаманы сынаманың бастапқыда белгіленген температурасынан тәмен 10 °C (18 °F) қосымша салқындату қажет.

9.2.1 Сынақ жалынына абайлап қарау керек. Егер жалын сәнетін болса, сынаманың тұтануы болмайды және булармен кеңістікке келіп түсетін газ нәтижеге әсер етуі мүмкін. Жалын егер уақытынан бұрын сәніп қалса, сынақты дереу тоқтату керек және осы анықтау нәтижесін есепке алмайды.

### **9.3 60 °C (140 °F) тәмен тұтану температурасы**

Егер сынаманың тұтану температурасы 60 °C (140 °F) тәмен екендігі белгілі болса, сынаманы оның температурасы 1 °C/мин ± 6 с (2 °F/мин ± 6 с) кәтерілетіндей етіп қыздырады. Отбақырдағы сыналатын сынаманың 5 °C (10 °F) температурасы болжанатын тұтану температурасынан тәмен болса, тұтандыру құрылғысы арқылы сынаманы жағуды 9.2 сипатталған сияқты етіп әткізеді және сыналатын сынама температурасы кәтерілуінің әрбір 0,5 °C (1 °F) сайын қайталайды.

### **9.4 60 °C (140 °F) немесе жоғары тұтану температурасы**

Егер сынаманың тұтану температурасы 60 °C (140 °F) немесе жоғары екендігі белгілі болса, қыздыруды сыналатын сынаманың температурасы 3 °C/мин ± 6 с (5 °F/мин ± 6 с) жылдамдықпен кәтерілетіндей етіп реттейді. Сыналатын отбақырдағы сыналатын сынаманың температурасы оның болжанатын тұтану температурасынан 5 °C (10 °F) тәмен болатын кезде, тұтандыру құрылғысы арқылы сынаманы жағуды 9.2 сипатталған сияқты етіп әткізеді және сыналатын сынама температурасының әрбір 1 °C (2 °F) кәтерілуі сайын қайталайды.



## **ҚР СТ 2424-2013**

9.5 Тұтандыру құрылғысы арқылы сынаманы жаққан кезде 3.1.1 сипатталған сияқты іштегі анық шыққан жалын түзеледі, байқалатын температура мәнін сыналатын сынаманың тұтану температурасының мәнін жазып алады.

Нақты тұтануы алдында тікелей кейде тұтандыру құрылғысын қоршайтын кәгілдір сәулемен осы тұтануды шатастырмау керек. **(АЛДЫН АЛА ЕСКЕРТУ!** Кейбір құрамында галоген болатын кәміреулар қоспалары үшін, мысалы, хлорлы метилен немесе три- хлорэтилен, анықталғандай, айқын тұтану байқалмайды. Сынақ жалынының айтарлықтай артуының (сәулесіз) орнына, сынақ жалыны түсінің кәгілдірден қызғылт сарыға өзгеруі болады. Қоршаған орта температурасынан асатын температура кезінде осындай сынамаларды сынау және ұзақ қыздыру әртгін туындау қаупін арттыратын сынақ отбақырының шегінен шығатын булардың жануына әкелуі мүмкін (X.1 және X.2 қосымшалары).

9.6 Сынақты тоқтатады және тұтандыру құрылғысын жинайды. Қақпакты кәтеріп, термометр шарын сүртеді. Отбақырды алып, ішіндегісін тәгеді және отбақырды кептіріп сүртеді.

9.7 Егер тұтандыру құрылғысының алғашқы апарудан бастап тұтану температурасын анықтағанға дейінгі сынақ әткізудің кез келген сәтінде сыналатын сынама температурасының арту жылдамдығы талапетілетін жылдамдыққа сәйкес келмейтін болса, сынақты тоқтатады, осы анықтау нәтижесін есепке алмайды. Сынақты кейін қыздыру құрылғысын температураның қажетті арту жылдамдығына қол жеткізетіндей етіп реттей немесе болжанатын тұтану температурасының мәнін немесе екеуін де пайдалана отырып, қайталайды.

9.8 Бұрын пайдаланылған сынаманы қайта пайдалануға жол берілмейді. Қайта сынау үшін тек қана жаңа сынаманы пайдалану қажет.

## **10 Автоматты түрде басқарылатын қондырғы**

10.1 Тұтану температурасын анықтау үшін соның кәмегі арқылы 9-бәлімге сәйкес сынақ әткізуге болатын автоматты басқаруы бар осындай құрылғыны пайдаланады. Қондырғыда газ жанарғы немесе электрлік электрод жағушы электрод пайдаланылуы мүмкін. Отбақыр кәлемдері мен қақпақтар А.1.1 және А.1.2 суреттерінде кәрсетілген.

10.6 Тұтану температурасы тәмен сынамаларды сынау үшін қыздыру ваннасы үшін салқындату жүйесі талап етілуі мүмкін.

## **11 Автоматты басқаруы болатын қондырғыны дайындау**

11.1 Аспапты айтарлықтай ауа қозғалысы болмайтын үй-жайда орнықты тегіс бетке, мысалы үстелде, орнатады. Қондырғыны ауа қозғалысынан қалқамен қорғау жақсы практика болып табылады, бірақ талап емес.

11.6 Автоматты түрде басқарылатын қондырғыны пайдаланушы жабдықты калибрлеу, салыстырып тексеру және жұмыс істеуіне қатысты дайындаушының мынадай нұсқаулықтарын сақтауға тиіс.

11.2.1 Детектрлеу жүйесін дайындаушының нұсқаулықтарына сәйкес ретке келтіреді.

11.2.2 Температураны әлшеу құрылғысын дайындаушының нұсқаулықтарына сәйкес калибрлейді.

11.2.3 Автоматты түрде басқарылатын қондырғының жұмыс істеуін аттестатталған стандарттық үлгінің (CRM) тұтану температурасын анықтау арқылы жылына бір реттен сирек етпей тексереді, мысалы, тұтану температурасы сынамалатын сынамалардың болжанатын тұтану температурасына жуық А.2 қосымшасында берілгендердің. Стандарттық үлгілерді осы стандарттың әдісі бойынша, ал тұтану температурасының қадағаланатын мәндерін 9.5 бойынша сынаиды, барометрлік қысымға бағытталып дұрысталуға тиіс (13-бөлім). Тұтану температурасының алынған мәндері аталған стандарттық үлгілер үшін А.2.1 кестесінде немесе кестеде берілмеген стандарттық үлгілер үшін есептелген мәндердің ауқымы шегінде болуға тиіс (А.2 қосымшасы).

11.2.4 Аспаптың жұмыс істеуін тексерген соң қайталама жұмыстық қоспалардың (SwSs) тұтану температурасының олардың шекті бақылау мәндеріне сәйкестігі анықталуы мүмкін. Осы қайталама жұмыстық қоспаларды кейін кезекті тексерулерде пайдалануға болады (А.2 қосымшасы).

11.2.5 Егер анықталған тұтану температурасының мәндері 11.2.3 немесе 11.2.4 көрсетілген мәндер ауқымына түспейін болса, аспаптың А.1 қосымшасында берілген талаптарға сәйкестігіне және бірінші кезекте қаптың саңылаусыздығына (А.1.1.3 қараңыз) кәз жеткізу мақсатында, қаптың жұмысының, тұтандыру құрылғысының орналасуын (А.1.1.3.3) және термометрдің орналасу бұрышының (А.1.1.3.4 қараңыз) жай-күйін және жұмысын тексереді. Кез келген реттеуді жүргізген соң, аталған сынақ әдісінің барлық талаптарын орындай отырып және сыналатын жаңа сынамананы пайдалана отырып сынақты қайталайды (11.2.3 қараңыз).

## **12 Автоматты түрде басқарылатын қондырғыны пайдаланып сынақ әткізу**

12.1 Егер бұл талап етілетін болса, сыртқы салқындату жүйесін болжанатын тұтану температурасынан 10 °С төмен болған температураға дейін ванна сұйықтығын салқындату үшін реттейді.

12.2 Қондырғыға қажетті күйінде сыналатын отбақырды қояды.

12.3 Болжанатын тұтану температурасы туралы деректер енгізеді; бұл қыздыру ваннасы бетінің талап етілетін минималды бастапқы температураға дейін салқындатылуына мүмкіндік береді.

## ҚР СТ 2424-2013

1-ЕСКЕРТПЕ: Егер сыналатын сынаманың температурасы төмен болса, тиісті қыздыру жылдамдығын белгілеу үшін отбақыр мен қауқпақты алдын ала салқындату ұсынылады. Бұл үшін қауқпағы бар отбақырды жинағымен бағдарламаланған болжанатын тұтану температурасынан  $10\text{ }^{\circ}\text{C}$  ( $18\text{ }^{\circ}\text{F}$ ) төмен салқындатылған құрылғыға салады.

2-ЕСКЕРТПЕ: «Белгісіз тұтану температурасы» режимінде анықталған тұтану температурасының мәнін жуықтамалы ретінде қарастыру керек. Бұл мәнді қондырғының жұмыс істеуінің стандарттық режимінде сыналатын жаңа сынаманы сынаған кезде болжанатын тұтану температурасы ретінде пайдалануға болады.

12.4 Әлшемделген цилиндрді пайдалана отырып және деңгей таңбасынан жоғары отбақыр қабырғасының сулануына жол бермей,  $(50 \pm 0,5)$  мл сұйықтықты әлшеп алады және сынаманы отбақырға салады. Қажет болған кезде сынаманы және әлшемделген цилиндрді ертерек анықтаған кезде сыналатын сынаманың температурасы тұтану температурасы  $(27 \pm 5)\text{ }^{\circ}\text{C}$  [ $(80 \pm 10)\text{ }^{\circ}\text{F}$ ] құрайтындай және  $10\text{ }^{\circ}\text{C}$  ( $18\text{ }^{\circ}\text{F}$ ) қарағанда кемінде болжанатын тұтану температурасынан кем төмен болатындай етіп салқындатады (олардың қайсысының төмен болатындығына байланысты). Сыналатын сынаманы жүксауыттан цилиндрге және цилиндрден сынақ отбақырына ауыстыратын уақытта болжанатын тұтану температурасынан кемінде  $10\text{ }^{\circ}\text{C}$  ( $18\text{ }^{\circ}\text{F}$ ) қарағанда кем болатын төмен температурасын ұстап тұру өте маңызды. Пышақтың ұшымен немесе ыңғайлы затпен сыналатын сынаманыңүстінен су кәпіршіктерін кетіреді. Ылғал сіңіретін таза шүберекпен немесе сулықпен қауқпақтың ішкі бетін құрғатып сүртеді, содан соң ваннаның дәңгелек шығыңқысында термометрі бар қауқпақты бекітеді. Егер олармен қондырғы жарақталған болса тұтандыру құрылғысының ысырмасы мен белсендіргішін, тұрқымен қауқпақты жалғайды. Газ жанарғыны пайдаланған кезде оны жағады және жалынды оның диаметрі 4 мм болатындай етіп реттейді. Егер қондырғы электрлік тұтандыру қондырғымен жарақталған болса, оны дайындаушының нұсқаулықтарына сәйкес ретке келтіреді. Жағу құрылғысын түсіру және кәтеру бойынша операция кідіргілмей орындалуға тиіс. Егер жағу құрылғысын бастапқы түсіру кезінде тұтану байқалатын болса, сынақты тоқтатады және нәтижесін ескермейді. Мұндай жағдайда жаңа сынаманы сынаманың бастапқыда белгіленген температурасынан төмен  $10\text{ }^{\circ}\text{C}$  ( $18\text{ }^{\circ}\text{F}$ ) қосымша салқындату қажет.

3-ЕСКЕРТПЕ: Тұтану температурасын анықтау жүйесін немесе температураны әлшеу құрылғысын бүлдіріп немесе жайпап тастамау үшін, қауқпақты тазартқанда немесе орнатқанда абайлау керек. Қондырғыны тиісінше күтіп-ұстау және сақтау бойынша дайындаушының нұсқаулықтарын орындау қажет.

12.5 Қондырғы автоматты түрде осы стандарт әдісінде белгіленген сынақтың әткізілуін бақылайды. Тұтану пайда болған кезде аспап температураны тіркейді және сынақты автоматты түрде тоқтатады. Егер тұтандыру құрылғысын алғашқы қолданған кезде ұшқын пайда болатын

болса, сынақты тоқтатады, осы анықтау нәтижесін есепке алмайды және сынақты жаңа сынамамен қайталайды. **(АЛДЫН АЛА ЕСКЕРТУ!** Кейбір құрамында галоген болатын кәмірсулар қоспалары үшін, мысалы, хлорлы метилен немесе три- хлорэтилен, анықталғандай, айқын тұтану байқалмайды. Сынақ жалынының айтарлықтай артуының (сәулесіз) орнына, сынақ жалыны түсінің кәгілдірден қызғылт сарыға өзгеруі болады. Қоршаған орта температурасынан асатын температура кезінде осындай сынамаларды сынау және ұзақ қыздыру әрттің туындау қаупін арттыратын сынақ отбақырының шегінен шығатын булардың жануына әкелуі мүмкін (X.1 және X.2 қосымшалары).

12.6 Қондырғы қауіпсіз температураға дейін салқындатылатын кезде [55 °C төмен (130 °F)], қақпағын алып, отбақырды шығарады, қондырғыны дайындаушының нұсқаулықтарына сәйкес тазартады.

### **13 Сынақ хаттамасы**

13.1 Барометрлік қысымға түзету. Сынақ әткізу уақытында және орнында барометрлік қысымның мәнін әлшеп жазып алады. Егер қысым 101,3 кПа (760 мм сын.бағ.) мәнінен ерекшеленетін болса, стандарттық барометрлік қысымға түзетіп тұтану температурасын есептейді:

$$1 \text{ Түзетілген тұтану температурасы} = C + 0,25 (101,3 - p)$$

$$2 \text{ Түзетілген тұтану температурасы} = F + 0,06 (760 - P) \quad (1)$$

$$3 \text{ Түзетілген тұтану температурасы} = C + 0,033 (760 - P),$$

мұндағы,

$C$  – тіркелген тұтану температурасы, °C;

$F$  - тіркелген тұтану температурасы, °F;  $p$  – барометрлік қысым, кПа;

$P$  – барометрлік қысым, мм сын. бағ.

13.2 Есептеулерде пайдаланылатын барометрлік қысым – бұл сынақ уақытындағы зертханадағы атмосфералық қысым. Кейбір, мысалы, метеорологиялық стансалар мен әуежайларда пайдаланылатын анероидты барометрлер теңіз деңгейінде кәрсеткіштерді түсіріп алу үшін алдын ала түзетілген. Мұндай барометрлердің кәрсеткіштерін пайдаланбайды.

13.3 Сынақ хаттамасында 0,5 °C (немесе 1 °F) дейінгі дәлдікпен түзетілген тұтану температурасын кәрсетеді.

### **14 Әдістің дәлдігі мен ауытқуы**

14.1 95 % сенімді ықтималдықпен нәтижелер дәлдігінің кәрсеткіштерін қараған кезде мынадай критерийлерді пайдаланады:

14.1.1 Сынақ әдісін дұрыс анықтаған кезде ұзақ уақыт бойы бірдей сыналанын әнімде бірдей жағдайларда бір ғана жабдықта бір ғана оператор алатын тізбектік сынақ нәтижелері арасындағы ұқсастық-айырмашылық

## ҚР СТ 2424-2013

жиырма жағдайдың біреуінде ғана мынадай мәндерден асатын болады:

Тұтану температурасы, °C (°F)    Ұқсастық, °C (°F)

60 °C (140 °F) төмен                    1,2 °C (2,0 °F)

60 °C (140 °F) және жоғары        1,6 °C (3,0 °F)

14.1.2 Сынақ әдісін дұрпыс анықтаған кезде ұзақ уақыт бойы бірдей сыналатын әнімде әртүрлі зертханаларда жұмыс істейтін әртүрлі операторлар алатын екі жеке және тәуелсіз нәтижелер арасындағы әндірімділік-айырмашылық жиырма жағдайдың біреуінде ғана мынадай мәндерден асатын болады:

Тұтану температурасы, °C (°F)    Әндірімділік, °C (°F)

60 °C (140 °F) 60 төмен                4,3 °C (8 °F)

°C (140 °F) және жоғары            5,8 °C (10 °F)

14.2 Тага аспабында аталған әдіс жағдайында ғана тұтану температурасын анықтауға болатындықтан, осы стандарт әдісінен ауытқуды-ауытқуды анықтау мүмкін болмай отыр. Өткізілген зертханаралық сынақтар қолмен және автоматты басқарылатын аспаптар арқылы тұтану температурасын анықтау нәтижелерінің дәл келетіндігін растайды. Даулы жағдай туындайтын жағдайда, тәрелік болып табылатын аспапты қолмен басқаруды қолданатын әдіс бойынша сынақ өткізілуге тиіс.

1-ЕСКЕРТПЕ: Әнімде хлор қосылған қосылыстардың және судың болуы қолмен және автоматты басқарылатын аспап арқылы алынатын нәтижелердің әрқилылығына әкелуі мүмкін. Мұндай әнімдер үшін дәлдік кәрсеткіштері қолданыла алмайды.

2-ЕСКЕРТПЕ: Дәлдік кәрсеткіштері сегіз әнім сынамасын сынауды кәздейтін бағдарламаны<sup>1)</sup> орындаған кезде 1991 жылы белгіленді. Он екі зертхана қолмен басқарылатын аспапты пайдаланып және он жеті зертхана – автоматты түрде басқарылатын қондырғыны пайдаланып сынақ өткізді. Сыналатын әнімдер мен олардың тұтану температураларының мәндері есепте берілген.

<sup>1</sup> Қосымша ақпаратты ASTM Бас басқармасында сақталатын R.R:S15-1007 есебінен табуға болады.

## А қосымшасы (міндетті)

### А.1 Аспап

#### А 1.1 Жабық отбақыры бар Тага аспабы

А 1.1.1 Жабық отбақыры бар Тага аспабы тәменде берілген талаптарға сәйкес келетін отбақырдан, тұтандыру құрылғысы бар қақпақтан және сұйықтық толтырылған ваннадан тұрады:

А 1.1.2 Отбақыр жезден және осындай жылу өткізгіштігі болатын басқа тот баспайтын металдан дайындалуға және А.1.1 суретінде кәрсетілген әлшемдері болуға тиіс.

#### А 1.1.3 Қақпақ

А.1.1.3.1 Тот баспайтын металдан дайындалған дөңгелек түрлі қақпақтың шамамен 15,9 мм тәменге шығып тұратын шеңбері, сырғымалы ысырмасы, бір мезгілде ысырманы ашатын және тұтандыру құрылғысын басатын құрылғысы мен отбақыр термометріне арналған нығыздауыш балдақ қойылатын кәлбеу тәлкесі болады. А.1.2 суретінде қақпақтың жоғарғы тәбесі бейнеленген және ысырма арқылы ашылатын және жабылатын үш тесіктің орналасуы мен тесіктері, сондай-ақ отбақыр термометріне арналған тесіктің орналасуы мен кәлемдері кәрсетілген.

А.1.1.3.2 Қақпақ шеңбері сұйықтық толтырылған ваннаның дөңгелек шығыңқысына тығыз етіп жабысуға тиіс, оның үстіне тесіктің шамасы қақпақ ваннада болатын отбақырдың жоғарғы жағына тығыздалып жабысуы үшін 0,4 мм аспауға тиіс. Егер осы талап сақталмайтын болса, отбақыр ернеуінің астынан орналастырылған жұқа металл балдақ арқылы ваннада отбақырдың тігінен орналасуына қол жеткізу қажет.

